**№ P00039 31.01.2022 ж**



## Бөлшекті оқу, жазу және салыстыру

**БАЙМУРЗИЕВА СВЕТЛАНА САБЫРҚЫЗЫ**
*Атырау облысы, Атырау қаласы*
*№19 Қ.И.Сатпаев атындағы мектеп-гимназияның*
*бастауыш сынып мұғалімі*
*педагог-зерттеуші, жоғарғы санатты*

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | Атырау қаласы, №19 Қ.И.Сатпаев атындағы мектеп-гимназиясы | |
| **Бөлім:** | Уақыт | |
| **Педагогтің Т.А.Ә.** | Жоғарғы санатты педагог-зерттеуші, бастауыш сынып мұғалімі Баймурзиева С.С. | |
| **Күні:** | 10.11.2021ж | |
| **Сынып: 3«А»** | Қатысушылар саны: 22 | Қатыспағандар саны: 0 |
| **Сабақтың тақырыбы** | Бөлшекті оқу, жазу және салыстыру | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 3.1.1.6. Жай бөлшектерді оқу, жазу; бөлімдері бірдей жай бөлшектерді көрнекілік қолдану арқылы салыстыру. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Жай бөлшектерді оқиды,жазады. Бөлімдері бірдей жай бөлшектерді салыстырады. | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Басы<br>12 минут | **Психологиялық ахуал қалыптастыру**<br>**Математика керек әр күнге,**<br>**Математика қажет өмірде.**<br>**Математиканы оқимыз,** | Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді | ҚБ: Жарай сың! | Математика кітабы 9-10 бет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
|  | **Миымызға тоқимыз. Жұмыс ережесін келісу**<br>• Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>• Уақытты үнемдейміз!<br>• Нақты,дәл жауап береміз!<br>• Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>• Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br><br>**Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) «Қарлы кесек»** әдісі бойынша<br>**<u>Дескриптор:</u>**<br>➢ Ақ қағазға сұрақты жазады.<br>➢ Қар етіп домалақтап лақтырады, сұрақты оқиды.<br>➢ Сұраққа жауап береді. | жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.<br><br>Ережені барлығы дауыстап оқиды.<br><br>Ақ қағазға сұрақты жазады, қар етіп домалақтап лақтырады, сұрақты оқиды, оған жауап береді. | <br>Әр топ мүшесіне жауап берген сайын 1 ұпайдан беріліп отырады. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ортасы<br>26 минут<br><br><br> | **Ширату тапсырмасы. Белсенді оқу тапсырмалары (топта)**<br>Білімді өзектендіру.<br>**Практикалық жұмыс.**<br>Оқушылардың парталарының үстінде түрлі түсті қағаздан қиылған геометриялық фигуралар (дөңгелек, шаршы) және қайшы бар.<br>Мұғалім барлық әрекетті балалармен бір мезгілде орындайды.<br>– Дөңгелекті қақ бөліп қиямыз.<br>– Бір бөлігін көрсетіңіз, оның атын жазыңыз.<br>– Дөңгелектің екіден бір бөлігін басқаша қалай атайды? (Жарты.)<br>– Шаршыны алыңыз. Оны 4 бөлікке қиыңыз.<br>– Шаршының төрттен екі бөлігін көрсетіңіз. Жазыңыз.<br>– Бүтін шаршыда неше ширек бөліктер бар? (4.) | Топта практикалық жұмыс орындайды,<br><br>Топта практикалық жұмыс орындайды, спикер қорғайды, топ басшысы бағалайды | Спикер қорғайды топ басшысы бағалайды.<br><br>ҚБ: Сенімен мақтанамын!<br> | Оқылым, жазылым тапсырмалары.<br><br>А-3 парақтары<br><br>Бағалау парағы<br><br>А-4 ламинат тақтасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
|  | ***Дескриптор:***<br>➢ Дөңгелекті екіге бөліп, жарты бөлігін көрсетеді, бөлшекпен жазады.<br>➢ Шаршыны 4-ке бөліп, екі бөлігін көрсетеді бөлшекпен жазады.<br>➢ Бүтін шаршының ширек бөлігін көсетеді, бөлшекпен жазады.<br>Оқулықтағы №1-тапсырманы топта орындау.<br>***Дескриптор:***<br>➢ Топта жұмыс жасайды, берілген дөңгелектің боялған және боялмаған бөліктерін бөлшекпен жазап көрсетеді, қорғайды.<br>№ 2 тапсырма: Математикалық диктант<br>а) Жарты жылдың айлар санын көрсететін бөлшек: | Диктант жазады. Дұрыстығын дауыстап оқу арқылы тексереді.<br>Есептің мазмұнын түсінеді. Сұрақтарға жазбаша жауап береді. Бөлшектерді салыстырады. Қанша бөлігін тоқығанын көрсететін бөлшекті жазады. |  | Логикалық тапсырмалар мәтіні |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | $^{6}/_{12}$<br>ә) Жылдың бір мезгілінің айлар санын көрсететін бөлшек: $\frac{3}{12}$.<br>б) Қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан жылдың қандай бөлігін құрайды? $\frac{4}{12}$<br>в)Бір оқу жылының ұзақтығын көрсететін бөлшек:$\frac{9}{12}$<br>г) Бір оқу жылының жазғы демалысын көрсететін бөлшек: $\frac{3}{12}$<br>***<u>Дескриптор:</u>***<br>➢ *Диктант жазады.*<br>➢ *Дұрыстығын дауыстап оқу арқылы тексереді.*<br>***Тақтамен жұмыс***<br>***№3. Салыстыр.***<br>***№4.*** Әжей бөкебайды бір апта бойы әр күні бірдей ұзындықта тоқиды. Егер бүгін:<br>а)сәрсенбі;<br>ә)бейсенбі;<br>б)сенбі болса;<br>онда ол бөкебайдың қанша бөлігін тоқығанын көрсететін бөлшекті жаз. | Сандарды өсу ретімен орналастырады , қазіргі бөлшекті жазу түрін алғаш қолданған ғалымның атын атайды.<br><br>Өрнекті баған түрінде жазып есептейді және тексереді. Теңдеулерді шешеді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ол әлі қанша бөлігін тоқығанын көрсететін бөлшекті жаз.<br>Ол әлі қанша бөлігін тоқуы керек?<br>***Шарты: Тоқыды: 1 апта-*** $\frac{7}{7}$<br>***Әр күні - ?, бірдей***<br>***Сәрсенбі - ? бөлігін***<br>***Бейсенбі - ? бөлігін***<br>***Сенбі - ? бөлігін***<br>***Шешуі: Сәрсенбі:*** $\frac{3}{7}$, $\frac{4}{7}$<br>***Бейсенбі:*** $\frac{4}{7}$, $\frac{3}{7}$<br>***Сенбі :*** $\frac{6}{7}$, $\frac{1}{7}$<br>***<u>Дескриптор:</u>***<br>➢ Есептің мазмұнын түсінеді.<br>➢ Сұрақтарға жазбаша жауап береді.<br>➢ Бөлшектерді салыстырады.<br>➢ Қанша бөлігін тоқығанын көрсететін бөлшекті жазады.<br>Топтық жұмыс. Логикалық тапсырма № 5. ( І, ІІ топаралық сайыс) Сандарды өсу ретімен орналастырсаң, қазіргі | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бөлшекті жазу түрін алғаш қолданған ғалымның атын білесің. Бұл – Леонардо......<br>№9 (III және IY топарлық сайыс)<br>Кәмила, Нұргүл, Ғалия және Толқынның туылған күндері:<br>2 наурыз, 17 мамыр, 2 шілде және 20 наурыз. Назгүл мен Ғалия бір айда туылған, ал Ғалия мен Кәмиланың туылған күндері сәйкес келеді. Әр қыздың туылған күндерін көрсет.<br>***<u>Дескриптор:</u>***<br>➢ Бөлшектерді өсу ретімен жазып, ғалымның атын табады.<br>➢ Әр қыздың туылған күндерін анықтайды.<br>Жұптыұ жұмыс № 6. Өрнектерді баған түрінде жазып, мәнін есепте<br>1000-479<br>372+569<br>929-488<br>479+391<br>Тақтамен жұмыс №7. Теңдеулерді шеш. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 450+а=920-40<br>у:6=63:7<br>х-340=180+20<br>8*b=100-68<br>***<u>Дескриптор:</u>***<br>➢ Өрнекті баған түрінде жазып есептейді және тексереді.<br>➢ Теңдеулерді шешеді. | | | |
| Соңы<br>7 минут<br> | «Броундық қозғалыс»<br>Сыныпта әр жерде ілінген өзінің туған күніне сәйкес келетін ай атын таңдау арқылы қорытындылау сұрақтарына жауап береді.<br>Кері байланыс<br>«Білім сандығы » әдісі<br>Бүгінгі сабақта не үйрендің?<br>Сен үшін не қиын болды?<br>Саған қандай тапсырма қызықты болды? | Оқушыларға «Білім сандығы» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді. | «От шашу» әдісі | Ай аттары суреттеріне жазылған қорытындылау сұрақтары.<br>Үйге тапсырма<br>№ 8 есеп (10-бет) |

# Ғ дыбысы және әрпі

**ОРЫНБАЕВА АЙНАГУЛЬ ЕСИРКЕПОВНА**
*Түркістан облысы Мақтаарал ауданы "Еңбекші" ауыл округі "Шұғыла" ауылы "Шұғыла" жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | №19 «Шұғыла» жом | |
| Пәні: | Әліппе | |
| Бөлім: | Әліппе кезеңі | |
| Педагогтің аты жөні: | Орынбава А | |
| Күні: | 25.11.2021ж | |
| Сынып: 1 Л | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Ғ дыбысы және әрпі** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | Сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу;<br>Оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану;<br>1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру;<br>1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу | |
| **Оқу мақсаты:** | Сөйлеу б/да дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтайды, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізеді.<br>Оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолданады.<br>Мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қояды, сұраққа жауап береді.<br>Жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазады. | |
| | | |

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы (1–7 мин)** | **(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1. Сәлемдесу.<br>2. Оқушыларды түгендеу.<br>**Психологиялық ахуал орнату.**<br>**Оқушылар шаттық шеңберін жасап, бір-біріне жағымды сөздер айтады**<br>Үлкенге де сіз, кішіге де сіз<br>Баршаңызды құрметтеп,<br>Бас иеміз біз!<br>Қарлығашқа ұқсайық,<br>Қане қанат қағайық.<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>**Сабақтың күтілетін нәтижесімен таныстыру:**<br>– Балалар, сендер бүгін сюжетті сурет бойынша әңгіме құрайсыңдар. Құраған әңгімелеріңнен сөйлемді, сөйлемнен жаңа үйретілетін дыбысы бар сөзді бөліп аласыңдар. Бөлініп алынған сөзге дыбыстық талдау жасайсыңдар. «Ғ» дыбысының айтылу | Оқушылар музыка әуенін тыңдап, бөлмеде жүреді. | Қолдау | Музыка |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ерекшелігін білесіңдер. Оны дауысты, дауыссызға ажыратасыңдар.<br>«Ғ ғ» дыбысының таңбасы – оның әрпімен танысасыңдар.<br>«Ғ ғ» әрпін көркем жазып үйренесіңдер. | | | |
| **Білу және түсіну Сабақтың ортасы (26 мин)**<br><br>Қолдану | **1-критерий. Дыбыстық талдау жасайды.**<br>1. Сурет бойынша әңгіме құрау.<br><br><br>. Әңгімені сөйлемдерге талдау. Сөйлем санын анықтау.<br>. Бір сөйлемді сөздерге талдау. Сөйлемдегі сөз санын анықтау.<br>. Өтілетін жаңа | Күтілетін нәтижені мұқият тыңдайды.<br>1.оқушылар сюжетті сурет бойынша әңгіме құрайды:<br>«Ғарышта ауа болмайды. Онда барлық заттар қалқып жүреді. Ғарышқа ұшатын адамды ғарышкер деп атайды. Ғарышта скафандр кию қажет».<br>. Әңгімені сөйлемдерге талдайды: Құраған | Қолдау<br><br>Қолдауды қажет ететін оқушы-ларға көмек беру.<br><br>Оқушыларға әріпті жасау да қажет болған жағдайда көмек беру. | Әріптің баспа және жазба түрі<br><br>Суреттер, оқулық<br><br>Сызба<br><br>Оқулық. Әріптің баспа түрі. Түймелер<br><br>Оқулық<br><br>Жаңылт |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жинақтау | дыбысы бар «ғарышкер» сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>. Сөзді буынға бөліп, жаңа дыбыстың орнын анықтау.<br>6. «Ғ» дыбысының айтылу ерекшелігімен танысу.<br>7. «Ғ» дыбысының таңбасы – оның әрпімен танысу.<br>8. Түймелерден «ғ» әрпін жасау.<br>**Дескриптор**:<br>-Сурет бойынша әңгіме құрайды. Сөйлемдегі сөздер санын анықтайды.<br>-Ғарышкер сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>**2-критерий. Мәтінді буындап, тұтас оқиды.**<br>**Оқылым. «Қос алақан» әдісі**<br>Оқулықтағы 63-беттегі «Ғарышкер» мәтінін оқу**.** Мәтіндегі сөйлем санын анықтау.<br>**Дескриптор:**<br>**-**Мәтінді буындап, тұтас оқиды.<br>-Мәтіндегі сөйлем санын анықтайды.<br>**Сергіту сәті: «Мен ауылға барамын»**<br>**3-критерий.** | әңгімелерің неше сөйлемнен тұрады? (4).<br>. Осы сөйлемдерді ң ішіндегі бір сөйлемді (Ғарышқа ұшатын адамды ғарышкер деп атайды.) сөздерге талдайды: Бұл сөйлемде 6 сөз бар.<br>4. Өтілетін жаңа дыбысы бар «ғарышкер» сөзіне дыбыстық талдау жасайды: алдымен «ға-рыш- кер» деп буынға бөледі.<br>. «Ға-» бірінші буынын айтып, қай дыбыс созылмай айтылып тұрғанын табады.<br>. «Ғ» дыбысының айтылу ерекшелігіме | Қолдауды қажет ететін оқушы-ларға көмек беру.<br><br>Оқушы ларға қолдау көрсету. | паш<br><br>Жазу дәптері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Каллиграфиялық талаптарға сай жазады.**<br>**Жазылым**<br>. Оқулықтағы «ғ» әрпінің таңбалануына назар аудару.<br>2. «Ғ» әрпін тақтаға жазып көрсету.<br>«Ғ» әрпін ауада жазып көрсету.<br>Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру.<br>**Дескриптор:**<br>- Ғ әрпінің таңбалануына назар аударады.<br>- -Дәптердегі тапсырмаларды орындайды. | н танысады.<br>1. Оқушылар жазу дәптеріндегі тапсырмаларды орындайды: сызықтарды бастырып жазу арқылы «ғ» әрпінің бас және кіші әрпін жазады. Үлгі бойынша сөздерді жазады. | | |
| **Сабақтың соңы (7 мин)** | **Бекіту және саралау**<br>Бос ұяшықтағы сөздің орнын таппас бұрын оқушыларға өлең жолының соңғы сөздері ұйқасатынын ескерту.Сара лау тапсырмасы мен жұмыс ұйымдастыру:<br>*1-деңгей:*<br>Өлеңді оқы. Дыбыс | Оқушылар өздеріне берілген саралау тапсырмаларын орындайды.<br>-деңгейдегі оқушылар өлең ұйқасына қарай және сөздің дыбыс сызбасы арқылы жаңа сөзді табады: торғай.<br>2-деңгейдегі оқушылар | Қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек беру. | Сара лау тапсырм ала ры<br><br>Әліппе. Үнтаспа. «Атамұра», 2020 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сызбасыны ң көмегімен бос ұяшыққа тиісті сөзді тап.<br>*2-деңгей:*<br>Өлеңдегі «ғ» дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жаса.<br>*3-деңгей:*<br>Өлеңдегі ұйқас сөздерді тап.<br> | өлеңдегі «ғ» дыбысы бар сөздерге (қарға, таға, торғай, тоғай) дыбыстық талдау жасайды.<br>-деңгейдегі оқушылар өлеңнен ұйқас сөздерді (қарға–таға; торғай – тоғай) табады. | | |
| | **Рефлексия**<br> | Оқушылар бүгін сабақта не меңгерг енін бас бармақ тары арқылы көрсете ді. | Өзін-өзі бағалау | Бас бармақ суреті |

**№ P00041 31.01.2022 ж**

## Зат есімнің тәуелденуі

**КУЛМАНОВА ГУЛНАЗЫМ КОЯНБАЕВНА**

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы «№ 28 жалпы білім беретін мектеп» КММ. Бастауыш сынып мұғалімі*

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | **Өнер** |
| Педагогтің аты-жөні: | **Кулманова Гулназым Коянбаевна** |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **Зат есімнің тәуелденуі** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | **3.2.4.1** Өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің егімен<br>негізгі ойды анықтау.<br>**3.4.2.2** Тәуелсіздік жалғауларының қолданысын білу.<br>**3.1.3.1** Түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық еттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды ап сөйлеу. |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар:** Оқушылар оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Сұраққа жауап алады;<br>**Көптеген оқушылар:** Туған жерін сүю, құрметтеуге тәрбиеленеді;<br>**Кейбір оқушылар**: Белгілі бір кеңістікте өмір сүретінімізді, патриоттық сезімдерін оята біледі; |
| Құндылықтары: | Оқушыларды бір – біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>Қызығушылықты ояту.<br>Ұжымдық жұмыс.<br>**3 мин.** | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1.Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>2.Оқушыларды топтарға біріктіруді ұйымдастыру:<br>Фигуралар көмегімен оқушыларды 3 топқа біріктіру.<br>I- «Жаңбыр» тобы<br>II – «Найзағай» тобы<br>III– «Қар» тобы<br>**Саралау:** Бұл жерде қолданудың | **(Ұ)** ***“Сиқырлы қапшық” әдісі*** арқылы оқушылар бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастырады.<br>**Мақсаты:** Оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.<br>**Тиімділігі:** Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл –күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. | Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды ***«Мадақтау сөз» әдісі*** арқылы бағалайды: *«Тамаша! Керемет! Өте жақсы! Талпын!»* | Суреттер салынған конверт<br><br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Жіктеу»** тәсілі арқылы көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға қолдану еркіндігі беріледі. | | | |
| ***Миға шабуыл. «Жедел жауап» әдісі.*** Ұжымдық жұмыс. **5 мин.** | Алдыңғы білім мен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында экранда көрсетілген суреттерге мұғалімнің көмегімен (бағыт-бағдары, нұсқауымен) жауап береді. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог** | **Сұрақтар:** 1.Тәуелдік жалғауларды ата? 2.Тәуелдік жалғаулардың түрлерін ата? 3. Еліміз несімен айбатты? **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту. **Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен | **Дескриптор:** -1-ші сұраққа жауап береді. -2-ші сұраққа жауап береді. -3-ші сұраққа жауап береді. Жалпы-2балл. Сонымен қатар, өз ойын | ДК экраны Сұрақтар топтамасы. Оқулық 3-сынып. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **және қолдау көрсету»** тәсілі қолданылады. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға қосымша ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға қосымша жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім | байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. | дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға **Жарайсың! «Керемет» «Сенің қолыңнан келеді»** деген *мадақтау сөзімен* ынталандыру. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | экраннан **сабақтың тақырыбы мен сабақтың мақсатын таныстырады.** | | | |
| **Сабақтың ортасы**<br>Мағынаны ашу.<br>Топтық жұмыс.<br>**8 мин.** | **«Мозайка» әдісі.**<br>Оқушыларға тақырыпқа байланысты суреттердің қима қағаздары беріледі. | **№ 1 –тапсырма:** Суреттер бойынша туған жер жайлы әңгімелейді.<br>Туған жерлеріне сипаттама береді. Үш топқа үш сурет бөліп беріледі. | **Дескриптор:**<br>- Туған жерлерін біледі.;<br>- Туған жерінің құдыреттілігі жайлы сипаттайды;<br>Жалпы-1балл. | ДК экраны<br>3-сынып оқулығы |
| | **«Түртіп алу» әдісі.**<br>Оқулықтағы «Тілдік бағдар» айдарының тапсырмасы беріледі. | Кәсіби сөздермен танысып, өз дәптерлеріне тапсырманы орындайды. | Мұғалім сабақ барысында белсенділік танытқан оқушылар ды ***«От шашу» әдісі*** арқылы бағалайд | ДК экраны<br>3-сынып оқулығы.<br>Жұмыс дәптерлері. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | ы: | |
| Сергіту сәті **1 мин** | | https://youtu.be/xyS4WWbtttM | | https://youtu.be/xyS4WWbtttM |
| Топтық жұмыс.<br>**6 мин.** | **№2-тапсырма:**<br>Туған жерлеріне қатысты сөздерді топта талдап, картаны толтыр.<br>***Мақсаты:*** Жауын шашынның адам өміріндегі атқаратын қызметіне қатысты сөздерді ажыратады.<br>***Тиімділігі:*** Тыңдалым мен айтылым дағдысы қалыптасады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Талқылау»*** тәсілі | Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, топтық талдау жасайды. Талқылау нәтижесінде өзара бір келісімге келіп кестені толтырады. | **Дескриптор:**<br>- Туған жерінің орналасуын анықтайды;<br>- Туған жердің құдыреттілігін түсінесің;<br>Жалпы-1 балл. | ДК экраны<br>3-сынып оқулығы. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көрініс табады. | | | |
| Жеке жұмыс.<br>**7 мин.** | **№3-тапсырма**:<br>Отанға қатысты төмендегі сөздерді оқып, сұрақтарға жауап бер.<br>***Мақсаты:*** Ғаламшарлардың орналасу қызметімен таныстыру.<br>***Тиімділігі:*** Оқылым мен айтылым дағдысы қалыптасады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Диалог және қолдау көрсету»*** тәсілі көрініс табады. | Берілген тапсырма бойынша мәтінді оқиды. Өзіндік ойын тұжырымдайды. Оқып, таныскан кеңестерді басшылыққа алып, сұрақтарға жауап береді. | **Дескриптор:**<br>-Сөздерді оқиды.<br>-Сұрақтарға жауап береді.<br>Жалпы – 1балл. | ДК экраны<br>3-сынып оқулығы.<br>Жұмыс дәптерлері. |
| Жұптық | Жұмыс | Төменде берілген | **Дескрип** | ДК экраны |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жұмыс.<br>**5 мин.**<br>*Жазылым.* | дәптердегі Кестені толтыр.<br>***Мақсаты:*** Берілген сөздердің атқаратын қызметін жазу арқылы бір-бірінен айырмашылығын ажыратады.<br>***Тиімділігі:*** Оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдысы мен жазылым дағдысы қалыптасады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Тапсырма»*** тәсілі көрініс табады. | сөздердің атқаратын қызметін жазады.<br>1.сөздер<br>2.Термин сөздер<br>3.Кәсіби сөздер | **тор:**<br>-Туып өскен жерлерінің орналасуына байланысты мысал жазады-1б.<br>-Термин сөздерге ереже мен мысал жазады-1б.<br>. | 3-сынып оқулығы.<br>Жұмыс дәптерлері. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br><br>Жеке жұмыс:<br>**5 мин.** | **«551»** әдісін пайдаланып сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.<br>**Пікір:** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.<br>**Дәлел:**Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.<br>**Мысал:**Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.<br>**Қорытынды:** Тақырып бойынша қорытынды жаз. | Оқушылар өздерінің тақырып бойынша оқып, зерделегенін сөйлемдер арқылы тұжырымдайды.<br>***Мақсаты:*** Өз ойын айтып, сабақты бекіту, қорытындылау.<br>***Тиімділігі:*** Оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Білім гүлі»*** тәсілі арқылы көрініс табады. | **Дескриптор:**<br>«551» әдісі бойынша берілген тапсырманы толық орындайды-2б.<br>Оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігіне қарай *«Білім гүлі» әдісі* арқылы бірін-бірі бағалайды. *Өте жақсы!, Керемет!, Жақсы!, Талпын!* | ДК экраны<br>3-сынып оқулығы.<br>Жұмыс дәптерлері.<br> |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары | Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді | Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс |

| | | |
|---|---|---|
| оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | қалай жоспарлайсыз? | Құндылықтардағы байланыс |
| **Рефлексия**<br>Сабақ / оқу<br>Мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | **«Менің көңіл-күйім баспалдағы»**<br>Оқушылар стикерлерге өз есімдерін жазып (немесе смайликтің суретін салып) тақтада салынған баспалдақтардың біріне жабыстырады. Баспалдақтар «Керемет!», «Өзіме сенімдімін!», «Жақсы», «Жаман емес», «Маған көмек керек!», «Білмеймін», «Нашар» деп аталады. | |
| **Қорытынды бағамдау**<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? | | |

**№ P00042 31.01.2022 ж**

# Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны

**АУЕЗАЛИЕВА ЛАУРА БАКЫТЖАНОВНА**
*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы «№28 жалпы білім беретін мектеп»КММ. Бастауыш сынып мұғалімі*

Өмір – бұл ағын су секілді, бір орында тұрмайды, яғни жылдар жылжып, уақыт өтеді. Уақыт өткен сайын қай салада болмасын дүниенің бір жаңалығы орын алып жатады. Сол жаңалықты тосырқамай, жақсы - жаманын саралап қабылдай білу керек. Өмірді ағын суға теңесек, білімді - теңіз, мектепті – кеме деп қарастырамыз, ал мұғалім – сол кеме капитаны деуге болады. Кеменің тереңге батпай, дұрыс бағдармен жүруі мұғалімге байланысты.

Елбасымыз: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деп атап көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан 2050 стратегиясында: «Біріншіден, барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Біз Ұлттық білім беру саласының барлық бөлімдерінің сапасын жақсарту үшін көп жұмыс істедік. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғары мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігімен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгерту тиіс» делінген. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін, елдің айбынды болашағы үшін заман талабына сай сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылыми – техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай:Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады.

Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларының дамытуға уәжін арттырады. Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторинг жасаудың жаңа формасы енгізіледі, яғни критериалды бағалау жүйесі. Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу - танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Жаңартылған бағдарламаларда барлық білім беру деңгейлері «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Мектептегі білім беру мазмұны академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс әрекет, қосымша білім беру негізінде жүргізіледі. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани- адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық жағдайда қарым-қатынас жасай алуға үйрету болып табылады.

Бұл жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның негізгі қағидаты - коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйрету. Бүгінгі таңда білім беру саласына түбегейлі өзгерістің қажеттілігін ескерсек, реформаның басында тілдік пәндердің тұру себебін бағдарламада көрсетілген мына жолдармен түсіндіре аламыз: «...Әрбір оқушы үшін тіл – негізгі білім құралы. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады. Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді». Осы орайда, ғалым - жиһанкез Шоқан Уалихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген екен. Олай болса, тәуелсіз еліміздің үшінші жаңғыру дәуірінде бүгінгі ұрпақтың өмір сүруі үшін қажетті білім дағдыларымен және қасиеттермен қаруландыру - мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларының

ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:
1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тапсақ, егемен елдің ұл- қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Негізінен жаңартылған білім беру жүйесі құзыреттілік және сапаға бағытталған бағдарлама екендігіне көз жеткіздім.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қорыта айтатын болсақ: Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді өшіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық.

**№ P00043 31.01.2022 ж**

# Ойын тактикасы. (Футбол)

**КУРАЛОВ КУАНТАЙ САБИТОВИЧ**

*Түркістан облысы Жетісай ауданы Асықата кенті*

*«№11 Жеңіс» мектеп гимназиясының дене шынықтыру пәні мұғалімі.*

| | | |
|---|---|---|
| Мектебі: | | |
| Күні: | | Мұғалімі: |
| Сынып: 8-сынып | | Қатысқаны: Қатыспағаны: |
| Сабақтың тақырыбы: | | Ойын тактикасы. (Футбол) |
| Осы сабақта қол жеткізі летін оқу мақсаты | 8.1.2.2. Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың орындалу реттілігін түсіндіру және көрсете білу. | |
| Сабақ мақсат тары | Барлық оқушылар: Футбол ойынына қатысты қозғалыс жаттығуын орындай алады. | |
| | Оқушылардың басым бөлігі: Доппен қимылдау, ойын тактикасындағы әдіс-тәсілдерді біледі. | |
| | Кейбір оқушылар: Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын түсінеді , допты топ мүшелеріне оңай беріп, қақпаға дәл соға алады. | |
| Бағалау критерийі | 1. Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын біледі.<br>2. Олардың орындалу реттілігін айтып және көрсете алады.<br>3. Футбол ойнау барысында ойын тактикасын орындай алады. | |
| Құндылықтар ды дамыту | Бір-біріне құрмет көрсетуіне, пікірін тыңдап, сын тұрғысынан ойлауға, жауапкершілікке тәрбиелеу | |
| Пән аралық байланыстар | физика, математика, биология | |
| АКТ қолдану дағдылары | Видео, интербелсенді тақта, музыка, слайд. | |
| Тілдік мақсат | Оқушылар орындай алады: Оқушылар футбол элементтерін жақсы меңгереді. | |

| | |
|---|---|
| | • Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: допты қосу, қызыл қағаз, төреші,аут, шабуылдаушы, қақпашы, қорғаушы, қосымша уақыт |
| | Талқылауға арналған сұрақтар:<br>• Қандай атақты футбол ойыншыларын білесің?<br>• Футболды қанша ойыншы ойнайды?<br>• Қандай футбол ережелерін білесің? |
| | Не себепті .....деп ойлайсыз?<br>Не себепті айып добы болады ?<br>Не себепті бұрыштама добы беріледі? |

Сабақтың барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресу<br>рстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>10 минут | Сапта тұру, сәлемдесу, кезекшінің баяндамасы және қауіпсіздік ережесімен сабаққа дайындығын қадағалау. Саптық жаттығулары: түзулен, тіктел , оң-ға, сол-ға, ай-нал, адым-да, т.с.с. Арнайы жүру, жүгіру жаттығулары. Жалпы денені дамытуға арналған жаттығуларын орындату. | Сұракта<br>р |
| Сабақтың ортасы<br>25 минут | Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау. Футбол ойынындағы қауіпсіздік ережесімен сабаққа дайындығын ескерту.<br>Белсенді оқу әдістер бойынша Жарыс сабағы ұйымдастырып оқушыларға футбол ойынының негізгі тәсілдерді таныстырамын. Футбол ойыны жайлы сұрақтар қою, осы сұрақтар арқылы жарыс ұйымдастырамын.<br>Жаңа сабақ. Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың орындалу реттілігін түсіндіру және көрсете білу.<br>Футбол ойыны. Футбол- ол ұжымдық ойын. Сондықтан әрбір ойыншы өзінің индивидуалдық қадамын ұжымдық және командалық тактикаға келістіре білуі қажет. Негізгі тактикасы қарсыластар қақпасына | Ысқыр<br>ық<br><br>Спорт<br>алаңы<br><br>Уақ ыт<br>өлше<br>гіш |

| | | |
|---|---|---|
| | допты көп салу және оларға гол салғызбау.<br>Тактика команданың доп жүргізу мәнін және әр бір ойыншы нақты міндетін белгілейді.<br>Мақсатпен құрылған тактика ойланған нәтиежеге жеткізеді, ал мақсатсыз тактика оған жеткізбейді, тактикалық қимыл ол доп алып жүру, пас, алдау, допты қабылдау, түсініп ойнау ж.т.б.<br>Диалог сабағы бойынша;<br>-Футбол ойынында тактика мен техниканы қалай түсінесің?<br>-Футбол ойынының басқа ойындардан айырмашылығы неде?<br>- Қандай шабуыл тәсілдерін білесіндер?<br>Қ. б арналған тапсырма<br>Жұптық жұмыс доппен жұмыс жасаңыздар. Яғни, біріңіз қорғаушы, біріңіз шабуылшы қызметін атқарыңыздар. Топтық жұмыс кезінде, командалық іс-әрекеттер, тактикалық іс-әрекеттер, комбинациялар көрсетулеріңіз қажет. Шабуыл түрлерін, қорғаушының қимыл іс-әрекетін, допты аяқпен, баспен қақпаға тебу, комбинациялар көрсетулеріңіз қажет.<br><br> | Аяқ добы<br><br>Фут бол добы<br><br>Сұрақта р<br><br>Ысқыр ық<br><br>Спорт алаңы<br><br>Уақ ыт өлшегі ш<br><br>Аяқ добы<br><br>Фут бол добы |

| | | |
|---|---|---|
| | <br><br>Дескриптор: *Білім алушы*<br>-жұпта бірлесе жұмыс жасайды;<br>-топта командамен қимыл іс-әрекеттерді орындап жаттығады;<br>-командада стратегиялық әдіс-тәсілдерді қолданып, белсенді жұмыс жасайды;<br>-ойын ережесін толық түсіндіреді;<br>-топта бірлесіп жұмыс жасайды.<br>-футбол спорттық ойынының қауіпсіздік техникасын сақтайды;<br>-доппен жұмыс жасайды. | |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың орындалу реттілігін түсіндіріп, сабақты қорытындылау.<br>Кері байланыс: Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді смайлик арқылы бағалаймын.<br>БББ кестесін пайдаланамын<br>Білемін Білдім Білгім келеді | Сти<br>кер,<br>смай<br>лик |

| Қосымша ақпарат | | |
|---|---|---|
| Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыларға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | Бағалау-оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |

| | |
|---|---|
| Тапсырмалар бойынша саралаймын.<br>1.Футбол ойынды дамыту<br>2. Футбол ойынды дамытусұрақтар | смайлик бойынша бағалаймын<br>Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру |

| | |
|---|---|
| қоямын. Уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып,футбол ойынды кезінде оқушының мүмкіндігін ескеріп деңгейлік жатттығулармен жүктеймін. Футбол ойындарының ерекшелігі туралы сұрақтар беріледі. Сәл әлсіз оқушыларға көмектесу үшін жеңілдетілген тапсырмаларды беремін. | мақсатында мақтау сөздерді көп айтамын.. |

**№ Р00044 31.01.2022 ж**

**Кешенді жалпы дамыту жаттығуларының негізін құру**

**БЕКТИЛЕУОВА НАЗГУЛЬ КУЗЕМБАЕВНА**
*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы № 23 жалпы білім беретін мектебінің дене шынықтыру мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| 2-бөлім: Түрлендірілген командалық ойындар | Мектеп: | |
| Күні: | Мұғалімніңаты-жөні: | |
| **Сыныбы**: 5 сыныптар<br>Сабақ 31-32 | Қатысқан оқушы саны: | Қатыспағаны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Қауіпсіздік ережесі.<br>Кешенді жалпы дамыту жаттығуларының негізін құру | |
| Оқу бағдарламасына сілтеме жасау | 5.3.4.1. - денсаулықты нығайту жаттығулары барысында қауіпсіздік мәселелері бойынша хабардар болу;<br>5.3.2.1 - қыздырыну және қалпына келтіру жаттығуларын орындау мен дайындау аясындағы негізгі компоненттерді білу және түсіну | |
| Сабақтың мақсаттары | Өзгеретін мән-жайларға қарай әрекет ету арқылы қимылдауға қатысты білімді ыңғайластыру<br>Сыни ойлауды үйренуге ықпал ету<br>Командада жұмыс істеу дағдыларын және көшбасшы болу дағдыларын дамытуға септігін тигізу. | |

| | |
|---|---|
| Жетістік критерийлері | 1. "Көшбасшылық" сөзінің мағынасын біледі.<br>2. Әр-түрлі жағдайларда жылдам қозғалып, тез шешім қабылдайды.<br>3. Қозғалмалы ойындарда көшбасшылық қасиетін көрсетеді |
| Тілдік мақсаттар | *Оқушылар келесі ұғымдарды біледі және қолдана алады:* тактика<br>➢ стратегия;<br>➢ алдау қимылдары;<br>➢ ту;<br>➢ қорғаныс;<br>➢ қарсы шабуыл. |
| Пәнаралық іланыстар | Бұл сабақта өзін-өзі тану пәнімен өзара пәнаралық байланыс орнатуға болады. |
| АКТ пайдалану дылары | «Қызыл ту» ойыны туралы презентацияны интербелсенді тақтада көрсету |
| Бастапқы білім | Оқушылардың «Қызыл ту» ойыны туралы білімі бар |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезендері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекеттер | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>10 мин. | Тақырыпты, сабақ барысын, бағалау критерийлерін, сабақ мақсаттарын жария ету және түсіндіру, сабақ соңындағы рефлексия туралы ескерту.<br>Сапқа тұрғызу, сәлемдесу. Сабаққа қатысқан оқушыларды түгендеу. Қауіпсіздік ережелерін еске түсіру. Сабақтың мақсатын таныстыру. Саптағы «Оңға!», «Солға!», «Кері айнал!» «Аланды айналып алға бас!» жаттығулары<br>**Жүру бағытында орындалатын жаттығулар**<br>Алға жүру:<br>1.Екі қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру<br>2.Қол белде өкшемен жүру.<br>3.Қол желкеде жартылай отыр жүру.<br>4.Қол тізеде, отырып жүру, секіру.<br>**Жүгіру бағытында орындалатын жаттығулары:**<br>1.Жеңіл жүгіріс<br>2.Тізені алға көтеріп жүгіру.<br>3.Қолды артқа қойып, аяқты артқа сермей жүгіру.<br>4.Аяқтың басын алға сілтей жүгіру.<br>5.Оң қапталмен қолды алға айналдыру.<br>6.Сол қапталмен қолды артқа айналдыру | Әр іс-әрекет түрі үшін үлкен бос кеңістікті ң болуы. |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы 25 мин. | *Жалпы дамыту жаттығуларын дамыта отырып дененің шыдамдылығын жетілдіру .*<br>*Домалау кезіндегі техниканы игеру , екі қолдың , ені аяқтың ,тыныс алу шыдамдылығынның төзімділігін жетілдіру .*<br>*Екі элементің қосылысы, алға домалай екіншісінде( көпірше жасау) (екі қолдың көмегімен боспен тұру) , артқадомалай екіншісінде жауырынға тұру және екі қолды көтере бастапқы қалыпқа келу.Ойын ретінде эстапеталық,акробатикалық жаттығулар орындау.*<br>БҚ қол ұстасып, бір-біріне қарама-қарсы тұру. Бір қолды екі жаны арқылы жоғары көтеру, сол аяқты артта ұстау.<br>2.БҚ<br> <br>3.Екінші аяқпенен де осылай жасау.<br>Барлық оқушылардың бірдей жасауын қадағалау.<br>БҚ қолдарын төмен ұстап, бір-біріне арқаларын беріп тұрады.<br>1.Сол аяғын ұшымен жанға қояды, оң қолды жоғары көтеріп, солға еңкейеді.<br>2.БҚ Екінші жаққа да осылай жасау.<br><br>Аяқты бүкпей түзу жасауын қадағалау.<br>БҚ Бір-бірінің иықтарынан ұстап, алға еңкейіп, қарама-қарсы тұрады.<br><br>Аяқтардың арасы алшақ ұсталады.<br>1.Алға қарай серіппелі түрде еңкею<br>2.Солға бұрылу. Екінші жаққа бұрылыс жасай, осылай істеу.<br>Аяқты бүкпеу керек.<br>БҚ қолдарын жоғары көтеріп ұстап, бір-біріне арқаларын беріп тұрады.<br>1.Сол аяқпен ілгері аттау, артқа шалқаю.<br>2.БҚ екінші аяқпен де осылай жасау.<br>Қолдарын жібермеуін қадағалау.<br>БҚ Қолдарын шынтақтан іліп алып, бір-біріне арқаларын беріп тұру.<br>1.Жартылай отыру.<br>2.БҚ келу. | Үлкен бос кеңістік. Ысқырық, жалауша лар, фишкалар мен конустар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| |  Арқаларын түзу болу керек.<br><br>БҚ серіктерінің иығына қолды салып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады.<br>1.Сол аяқты алға-оңға қарай сілтеу.<br>2.БҚ келу. Екінші аяқпенда осылай жасау.<br> Аяқтарын түзу көтеруін қадағалау.<br><br>БҚ табандарын тіреп, аяқтарын тізеден бүгіп, қолдарынан ұстасып, гимнастикалық төсеніште қарама-қарсы отыру.<br> 1.Сол аяқты жоғары көтьеріп, созып ұстайды.<br>2.БҚ<br>3-4 Оң аяқпен де осылай жасау.<br>Аяқтарын түзу ұстауын қадағалау.<br>БҚ табандарын тіреп аяқтарын алшақ қойып бр-біріне қарама-қарсы отыру, оң қолдарымен ұстасады.<br>1.Біреуі алға еңкейсе, екіншісі шалқайды.<br>2.БҚ<br>3.Екінші жаққа еңкейіп шалқаю.<br>4.Бұл да сондай, бірақ сол қолмен ұстайды.<br> Аяқтарын түзу ұстауын қадағалау.<br>БҚ арқаларын бір-біріне беріп, аяқтарын тіке жазып отырады. Қолдарын көтеріп басынан ұстайды.<br>1.«А» алға еңкейеді. «Б» аяқтарын бүге, табанмен еденге тіреле «А»- ның иығына жатады.<br>2.БҚ<br>3.Қайталау.<br> Бір жаққа құламай қолдарын басынан ұстауын қадағалау | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>5 мин. | **Сабаққорытындылау:** сабақсоңынданәтижелерқорытындыланып, небілгені, қалайжұмысжасағандарыталқыланады.<br>**«Қосу-алу-жетілдіру»**<br>«Қ» алаңына оқушылар сабақта ненің ұнағанын жазады<br>«А» алаңына сабақтағы қызықсыз, пайдасыз деп ойлаған сәттерді жазады<br>«Ж» алаңына оқушылар әлі де осы тақырып бойынша нені білгісі, үйренгісі келетіні туралы жазады<br>Киім ауыстыру орнына кету. | Маркерлер, фломастерлер, стикерлер |

| *Саралау – Көбірек қолдау көрсетуді Сіз қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушылардың алдына қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз?* | *Бағалау -Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарладыңыз?* | *Денсаулық және қауіпсіздік ережелерінің сақталуы:* |
|---|---|---|
